

Жүктөрді темір жол көлігімен тасымалдау кезінде айыппұл мөлшерін арттыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 11 наурыз N 196. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.02.27. N 206 қаулысымен.

Темір жол тарифтері деңгейінің көтерілуіне байланысты және жылжымалы состав пен контейнерлерді пайдалануды жақсарту, темір жолдардың, жүк жөнелтушілер мен жүк алушылардың жүк тасымалдаудың жоспарын орындауға өзара материалдық жауапкершілігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Темір жол Жарғысында көзделген айыппұл мөлшерін арттыру туралы" (Қазақстан Республикасының ПУАЖ, 1992 ж., N 34, 522-бап) 1992 жылғы 28 тамыздағы N 721 қаулысымен белгіленген айыппұл мөлшерінен бастап 1993 жылғы 11 наурыздан бастап 5 есе арттырылсын:

50 және 92 баптарға сәйкес темір жолдың вагондарды беру мен алып кетуді кідірткені үшін; <*> 1993 жылғы 30 қыркүйектегі N 975 қаулысымен белгіленген айыппұл мөлшері 1993 жылғы 1 қазаннан бастап айыппұл мөлшері 3 есе арттырылсын

51 және 161 баптарға сәйкес вагондарды тазартпағаны және цистерналарды сарықпағаны үшін; <*> 1993 жылғы 30 қыркүйектегі N 975 қаулысымен белгіленген айыппұл мөлшері 1993 жылғы 1 қазаннан бастап айыппұл мөлшері 3 есе арттырылсын

104 бапқа сәйкес тікелей аралас қатынас тасымалы кезінде контейнерлерді белгіленген мерзімнен артық кідірткені үшін; <*> 1993 жылғы 30 қыркүйектегі N 975 қаулысымен белгіленген айыппұл мөлшері 1993 жылғы 1 қазаннан бастап айыппұл мөлшері 3 есе арттырылсын.

118 және 118-1 баптарға сәйкес жүктөрді ауыстыру жоспарын орындамағаны және вагондар мен кемелердің бос тұрғаны үшін; <*> 1993 жылғы 30 қыркүйектегі N 975 қаулысымен белгіленген айыппұл мөлшері 1993 жылғы 1 қазаннан бастап айыппұл мөлшері 3 есе арттырылсын.

114 бапқа сәйкес жүк тасымалдау жоспарын орындамағаны үшін; <*> 1993 жылғы 30 қыркүйектегі N 975 қаулысымен белгіленген айыппұл мөлшері 1993 жылғы 1 қазаннан бастап айыппұл мөлшері 3 есе арттырылсын.

155 бапқа сәйкес жүк атавын дұрыс көрсетпегені үшін; <*> 1993 жылғы 30 қыркүйектегі N 975 қаулысымен белгіленген айыппұл мөлшері 1993 жылғы 1 қазаннан бастап айыппұл мөлшері 3 есе арттырылсын.

155-1 бапқа сәйкес темір жолдың рұқсатынсыз жалпы желілік парктің вагондары мен контейнерлерін жүк жөнелтушілердің, жүк алушылардың және жолдар иелерінің өздерінің ішкі тасымалына пайдаланғаны үшін; <*> 1993 жылғы 30 қыркүйектегі N 975 қаулысымен белгіленген айыппұл мөлшері 1993 жылғы 1 қазаннан бастап айыппұл мөлшері 3 есе арттырылсын.

156, 156-1, 156-2, 157 баптарға сәйкес вагондар мен контейнерлерді белгіленген мерзімнен артық кідірткені үшін; <*> 1993 жылғы 30 қыркүйектегі N 975 қаулысымен белгіленген айыппұл мөлшері 1993 жылғы 1 қазаннан бастап айыппұл мөлшері 3 есе арттырылсын.

159-1 бапқа сәйкес вагондар мен контейнерлердің жүк көтергіштігі мен сыйымдылығын толық пайдаланбағаны үшін; <*> 1993 жылғы 30 қыркүйектегі N 975 қаулысымен белгіленген айыппұл мөлшері 1993 жылғы 1 қазаннан бастап айыппұл мөлшері 3 есе арттырылсын.

163 бапқа сәйкес (бірінші абзац) кәсіпорындарға, ұйымдарға және мекемелерге қарасты немесе олар жалға алған вагондар мен контейнерлерді темір жолдың өз бетімен алып қойғаны үшін. <*> 1993 жылғы 30 қыркүйектегі N 975 қаулысымен белгіленген айыппұл мөлшері 1993 жылғы 1 қазаннан бастап айыппұл мөлшері 3 есе арттырылсын

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі жүк тасымалдау тарифі деңгейінің одан әрі өзгеруі барысында, осы қаулының 1 тармағында аталған айыппұл мөлшерін өзгерту туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне тиісті ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі